

АИҚЫН

Дәжжәл пайда болғанда... Мәді жерден шығып, Иса көктен түседі

Тереғали ТӘШЕНОВ



MIROVAJA.RU

zhizo-zemli.ru

Мәдинадағы Нәби мешіті – Меккедегі Қағба тұрған әл-Харам мешітінен кейінгі екінші қасиетті мешіт. Іргетасын Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың өзі қалаған.

Алла Елшісі Меккеден Мәдинеге қоныс аударған соң, түйесі шөккен жерге өз қолымен іргетасын қалап, тас пен кірпіштен салған. Оның бір бұрышы үйі болған. Сол үйде қайтыс болып, денесін жаны үзілген жерге жерлеген. Бұл үй қазір Пайғамбар мешітінің бір бұрышындағы жа-сыл күмбез астындағы нұрлы зиратқа айналған, онда Алла елшісінің қасында екі сенімді серігі, алғашқы екі халифа Әбубәкір мен Омар қатар жатыр. Пайғамбар зиратының қасында тағы бір бос қабір бар. Ол не үшін бос қалдырылған? Оған болашақта кім жерленбек? Көптеген мұсылмандар мен Құран сарапшылары ол жерге болашақта жалғыз көзді Дәжжәлды өлтіріп, жер бетін қырық жыл басқару үшін көктен түсетін Иса пайғамбар жерленеді деген сенімде.

Имам Бұхари жеткізген қасиетті хадисте: «Алла тарапынан жіберілген пайғамбардың бәрі өз қауымына Дәжжәл (Библия бойынша Антихрист) жайында ескерткен» делінсе, тағы бір хадисте «Дәжжәл сендердің орталарыңнан шығады» делінеді. Хадиске сүйеніп айтылатын әңгімелер бойынша, көктен Исаның түсуі, жерден Мәдінің шығуы және Дәжжәлдың пайда болуы – бір мезгілде болатын әрекеттер. Дәжжәлдың өте құпия түрде әрекет ететіні айтылады. Соған қарап көптеген діни зерттеушілер мен сарапшылар Дәжжәлды масондардың іс-әрекетімен байланыстырады. Қазір әлемде болып жатқан ғаламдық терроризм мен түрлі зұлымдықтарға қарап «Дәжжәлдың уақыты басталды, ол әлемге келді және ғаламдық процестердің бәрін сол басқаруда» дейтін дінге сенушілердің қатары көбеюде.

Хадистерде Исаның Дәжжәлды іздейтіні, ал оның Бәйтул-Мақдис (әл-Ақса мешіті) маңында жасырынатыны, ақырында сол жерде Дәжжәлды өлтіретіні ескертілген. Бұған қарағанда, Дәжжәл-дың іс-әрекетінің орталығы әл-Ақса мешіті мен оның маңында болатынын аңдатқандай. Тағы бір хадисте Дәжжәлдың жартасты жарып шығатыны айтылады. Ал қазақ аңыз бойынша, Әзірет Әлі мен Орталық Азиядан шыққан балуан Дариға қыз күреседі. Әлі жеңіп, Дариға екеуінен Мәді (Маһди) туады. Кейін Мәді туған әкесін танымай, Әзірет Әлімен күресіп, әкесімен белдескенінен ұялып, қатты қысылғаннан жер астына түсіп кетеді. Міне, осы Мәді ақыр заманда жер астынан шығып, көктен түскен Исамен бірге Дәжжәлдың көзін жояды.

Сонымен, Дәжжәл деген қандай жаратылыс, Исаның көктен түсуі, Мәдінің жерден шығуы қашан пайда болады? Мұны ҚМДБ-ның Астана қаласы бойынша өкіл имамы Наурызбай Өтпенев былайша түсіндіреді:

Әсілін Алла Тағала екі Мәсіхті жаратқан. Оның бірі – Иса (а.с.) пайғамбар, екіншісі – Хақ тағаланың анық сынағы болған Мәсіх Дәжжәл. Иса мен Мәсіх Дәжжәл – бір-біріне қарама-қайшы жаратылыс. Исаның көктен түсуі және Мәсіх Дәжжәлдің пайда болуы – қиямет жақындауының белгілеріне жатады. Ғалымдар «Мәсіх Дәжжәл» сөзінің ұғымына қатысты елуден астам түсініктеме берген.

Алла Тағаланың әміріне сай пайғамбарымыз (с.а.у.) ақырет күнінің басталу уақытын нақты айтпаған. Алайда оның белгілерін баяндап өткен. Сол пайғамбарлық хабарлардың негізінде ғалымдар қиямет жақындауының белгілерін кіші белгілер және үлкен белгілер деп екі түрге бөлген.

Сонымен қатар, қияметтің кіші белгілеріне қатысты ардақты Алла елшісі (с.а.у.) бір сөзінде: «Ақырзаман басталуының шарттары – білімнің жоғалып, надандықтың таралуы, жезөкшеліктің жайылуы және ішімдіктің көп ішілуі. Елу әйелге бір еркектен келіп, әйелдер санының көбеюі», – деген.

Қиямет күні нақты қашан басталатынын тек Алла Тағала біледі. Дегенмен қиямет күнінің белгілері жайында айтып кеткен. Қияметқайым белгілеріне – жер жүзін бір түтіннің басуы, имам Маһидің шығуы, Мәсіх Дәжжәлдің пайда болуы, көктен Исаның (а.с.) түсуі, бір үлкен хайуанның пайда болуы, күн батыстан шығып шығыстан батуы, Құранның көкке көтеріліп кетуі, Яажүж бен Маажүждың пайда болуы жатады. Мәсіх Дәжжәлға келер болсақ, ол жалғыз көзді және сол көзі болмайды. Маңдайы үш

әріппен, яғни «қоф», «фа» және «ра» әріптерімен мөрленген болады. Осы мөр оның кәпір екеніне ишара болады. Алайда бұл жазуды тек мүминдерге көру нәсіп болып, кәпірлер ол жазуды байқай алмайды.

Пайғамбарлар адамзатты Алла Тағалаға иман келтіруге үндесе, Мәсіх Дәжжәл адамдардан өзін тәңір деп мойындауын талап етеді. Осы мақсатта ол, Хақ тағаланың қалауымен, түрлі керемет көрсетеді. Ол – өлген адамды тірілту, қуаң даланы көгерту, т.с.с. Расулуллаһ (с.а.у.): «Мені сендер үшін ең көп уайымға түсіретін осы Дәжжәл емес. Өйткені ол Мен араларыңда болған уақытта шығатын болса, Мен сендер үшін онымен айтысқа түсемін. Алайда ол Мен араларыңда жоқ болған уақытта шығатын болса, онда әрбір адам онымен жеке басы үшін өзі айтысқа түседі. Ол кезде әрбір мұсылман үшін Менің орныма Алла Тағаланың өзі болады. Дәжжәл бұйра шашты, көзі тасырайған жігіттің бейнесінде келеді. Сендердің араларыңнан біреу тірі болып, сол уақытта Дәжжәл келетін болса, «Кәһф» сүресінің алғашқы аяттарын оқысын. Дәжжәл Шам мен Ирактың аралығындағы жолда дүниеге келіп, жан-жағына жамандықты тарата бастайды. Ей, Алланың құлдары! Діндеріңді мықты ұстандар!» деді.

Мәсіх Дәжжәл кісеннен босап шыққаннан соң жер жүзін қырық күннің ішінде айналып шығады. Оның бірінші күні бір жылға (яғни бір күнде бір жылдық іс атқарады), екінші күні – бір айға, үшінші күні – бір аптаға, кейінгі күндері – бір тәулікке тең келеді. «Біз: «Уа, Расулуллаһ! Ол жер бетінде қанша уақыт болады?», – деп сұрадық. Сонда пайғамбарымыз (с.а.у.): «Қырық күн. Ол қырық күннің бір күні бір жылға, ал бір күні айға, ал бір күні аптаға, қалған күндері сендердің бір күніңдеріңе тең болады», – деп жауап берді.

– Уа, Расулуллаһ! Бір жылға тең болған күні біз күнделікті (яғни бес уақыт) намазымызды оқығанымыз жеткілікті бола ма?

– Жоқ! Бірақ сол күні уақытты дұрыс белгілендер.

– Уа, Расулуллаһ! Ол жер бетінде қандай жылдамдықпен қозғалады?
– Жел айдаған жаңбыр бұлтты тәрізді. Ол келіп, өзіне тәңір деп иман келтіруін талап еткенде, адамдар оның талабына жауап береді. Сол сәтте оның әмірімен жаңбыр жауып, жер өнім береді. Ал кешқұрым өрістен мал келеді. Ол малдың өркештері дәл сол кезге дейін көтерілмегендей көтеріліп тұрады. Желіндері дәл сол кезге дейін толмағандай толып тұрады. Қарындары дәл сол кезге дейін шықпағандай шығып тұрады. Осыдан соң Дәжжәл басқа адамдарға келіп, олардан да өзіне тәңір деп иман келтіруін талап еткенде, олар одан бас тартады. Сонда олардың жерін құрғақшылық басып, олар бар малынан айырылады. Дәжжәл қуаңшылық басқан жермен өтіп жерге: «Бар қазынаңды шығар», – дейді. Жерден шыққан қазына Дәжжәлдың артынан ара үйірі тәрізді ереді. Осыдан кейін Дәжжәл өзіне жасы кемеліне толған жігітті шақырып, оны семсермен екіге бөліп тастайды. Дененің екі бөлігі бірі-бірінен жебенің жететіндей қашықтыққа ұшып кетеді. Дәжжәл жігітті өзіне қайта шақырады. Сонда қайта тірілген жігіт қуаныштан жүзі жайнаған күйде алдына келеді».

Дәжжәлдің шығу жеріне келер болсақ, оған қатысты түрлі риуаяттар бар. Мәселен, бір риуаятта Дәжжәл шығыс тараптан, яғни Хорасан өңірінен, бір риуаятта яһудилер мекендеген Асбаһан аумағынан, ал бір риуаятта Шам-Ирак жерінен шығады делінген. Кісенінен босаған соң Дәжжәлдің аяғы баспаған жері, шықпаған төбесі қалмайды. Ол тек екі орынға аяқ баса алмайды. Ол – Мекке мен Мәдина.

Мәдинаға кіре алмайтынын білген Дәжжәл үш қайтара жерді тепкен сәтте Мәдинадағы екіжүзділер оған еріп кетеді.

Мәсіх Дәжжәлдан бұрын имам Маһди шығады. Имам Маһди Нәбидің (с.а.у.) ұрпақтарынан болып, келбеті арабтарға ұқсаған болады. Имам Маһдидің заманында жер жүзін әділетсіздік пен бұзақылық басқан болады. Имам Маһдидің келгеніне қуанған мұсылмандар оған Меккедегі «Әл-Харам» мешітінде еруге ант етеді. Осыдан соң имам

Маһди Куфаға келіп, сол жерден жан-жаққа мұсылман әскерлерін жөнелтеді. Ғалымдардың айтуынша Мәсіх Дәжжәл имам Маһдиден соң пайда болады. Имам Маһди шыққаннан соң ғаламаттар пайда бола бастайды. Ол – Мәсіх Дәжжәл пайда болуының ғаламаты. Дәлірек айтар болсақ, үш жыл қатарынан жаңбыр мен жер өнімі азаяды. Сол кезде адамдардың азығы тәкбир, тәһлил, тасбих болмақ.

Мәсіх Дәжжәлдің шығудың мәнісі – адамдарды сынау. Осы мақсатта Алла Тағала Дәжжәлға түрлі ғажап істерді атқару құдіретін нәсіп етеді. Мәселен, жер жүзінде желдей кезіп жүру, жәннат пен тозақты көрсету, жаңбыр жаудыру, қуаңшылық басқан жерді көгерту, жер қойнауындағы кендерді жер бетіне шығару, өлген адамға жан беру, азғыру ісінде шайтандарды қолдану, т.б. Мәселен, Дәжжәлдің талап етуімен екі шайтан біреуге оның марқұм болған ата-анасының бейнесінде келіп Дәжжәлға нұсқап: «Мынаған ер! Сенің Раббың осы», – деп айтады. Сонда әлгі адам Дәжжәлға табына бастайды. Дәжжәл фитнасы жер бетіне жайылған сәтте, Хақ тағаланың қалауымен қиямет күні жақындаудың келесі белгісі пайда болады. Ол – көктен Иса (а.с.) пайғамбардың түсуі. Иса (а.с.) көктен Дамаскідегі Уммауи әулеті салған мешіттің мұнарасына екі періштенің қанатына сүйенген халде түседі. Сол сәтте Исаның (а.с.) шашынан маржандай су тамшылары тамып тұрады.

Бұл жайында имам Мүсілімнің риуаятында былай делінген: «Дәл сол уақытта Алла Тағала адамдарға Мариям ұлы Исаны (а.с.) жібереді. Ол аспаннан Дамаскінің шығыс жағындағы ақ мұнараның жанына, қолын екі періштенің қанатына қойған халде түседі. Оның сары бояумен боялған екі киімі болады. Ол басын төмен еңкейткенде, басынан су тамады. Көтерген кезде інжуге ұқсаған тамшылар тамып тұрады».

Иса (а.с.) жерге түскеннен соң имам Маһди оған имамдықты ұсынады. Алайда бұл жолы Иса (а.с.) имам Маһдиге ұйып намаз оқиды. Осыдан соң мұсылман үмметінің билік мінбері Исаға (а.с.) өтеді.

Жер бетіне етек жайған күпірлікті жою мақсатында Иса (а.с.) Иерусалимге бет алады. Сонда, яғни Палестинада Иса (а.с.) бастаған мұсылмандар әскері Мәсіх Дәжжәлмен жүздеседі. Хадистердің бірінде Иса пайғамбармен (а.с.) кездескен сәтте Мәсіх Дәжжәл суда еріген тұз тәрізді еріп кетеді деп айтылған. Жалпы Дәжжәл имам Маһди және Исаның (а.с.) қолынан опат болады.

«Исаның (а.с.) демінің хош иісін сезген әрбір кәпір, оның иісінен жан тәсілім етеді. Исаны (а.с.) демінің иісі көз жететін қашықтыққа жайылып жатады. Иса (а.с.) Дәжжәлды іздеп, оны Люд қақпасының жанында қуып жетіп, өлтіреді. Осыдан соң Иса (а.с.) Алла Тағала оларды Дәжжәлдың азғыруынан қорғаған адамдарға келіп, олардың беттерінен сипайды. Иса (а.с.) оларға олардың жәннатта алатын дәрежелері жайында айтып береді». Иса (а.с.) өз қолымен ең нәжіс жаратылысты, яғни доңызды өлтіреді. Мәсіх Дәжжәлдің фитнасы біткен соң жер жүзінде бейбітшілік орнығады. Бүкіл адамзат бір дінде болады. Ол – Ислам діні. Белгілі уақыт өткен соң имам Маһди жан тапсырады. Содан кейін қиямет күнінің келесі белгісі, яғни Яажұж және Маажұж пайда болады. Алайда ол басқа тақырып.